Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____**

_____қ. «__»_____2026 ж.

Бұдан әрі «Сақтандырушы» деп аталатын, _____ («жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына _____ №_____ лицензия), _____ әрекет ететін, _____ арқылы, бір тараптан, және бұдан әрі «Сақтанушы» деп аталатын, «Қазақстан-Қытай Құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін _____ арқылы, екінші тараптан, бұдан әрі бірге «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022жылғы 3 наурыздағы (№193 хаттама) шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес, және _____ негізінде осы ауырған жағдайда ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді: Сақтандыру түрі: Ауырған жағдайда ерікті сақтандыру Сақтандырушы: атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері Сақтандырушының жауапты тұлғасы (ТАӘ, байланыстары, эл. мекенжайы) _____ _____ (ұйымның атауы, заңды мекенжайы және деректемелері) Сақтанушы: атауы, БСН, орналасқан жері, банктік деректемелері, резиденттік белгісі, экономика секторы, экономикалық қызмет түрі Сақтандырушының жауапты тұлғасы (ТАӘ, байланыстары, эл. мекенжайы) _____ (ұйымның атауы, заңды мекенжайы және деректемелері) ҚР аумағындағы медициналық ассистанс _____ (ұйымның атауы, заңды мекенжайы және деректемелері) ҚР аумағынан тыс медициналық ассистанс _____ (ұйымның атауы, заңды мекенжайы және деректемелері) Сақтандырылушылардың Сақтандырылушылар тізіміне сәйкес (Шартқа № 4 қосымша) Сақтандыру объектісі Сақтандырылушының сырқаттануына және денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты мүліктік мүдделері. Сақтандыру жағдайы: Сақтандырылушының Шарттың қолданылу кезеңінде Сақтандырылушының дәрігерлерге және (немесе) медициналық ұйымдарға Шартқа №2 қосымшаға сәйкес Сақтанушының таңдаған Сақтандыру бағдарламасына сай Сақтандырылушының денсаулық жағдайының нашарлауынан және Сақтандырылушының медициналық қызметтерді алу қажеттігінен туындаған медициналық препараттарды алу, емдеу/консультациялық немесе өзге медициналық көмекті алу және/немесе сатып алу үшін жүгінуі. Сақтандыру тәуекелдері Шартқа № 2 қосымшаға № 1 қосымша болып табылатын Сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық қызметтерге арналған шығындар. Жалпы сақтандыру сомасы Шартқа № 6 қосымшаға сәйкес есептелген _____ теңге _____тиын Сақтандыру сыйлықақысы Шартқа № 6 қосымшаға сәйкес есептелген _____ теңге _____тиын Сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі 2026 жылғы «____» _____ сағат 00.00-ден басталады және 2027 жылғы «____» _____ сағат 23.59-ға дейін, ал өзара есеп айырысу және елішілік құндылығы бойынша есептілікті ұсыну бөлігінде-олар толық аяқталғанға дейін қолданылады. Шарттың қолданылу аумағы: Қазақстан Республикасы, шетелге шығатын адамдарды сақтандыру жағдайларын қоспағанда Ерекше шарттар «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының редакциясына сәйкес сақтандыру шарттары Комиссиялық сыйақының болуы/болмауы туралы мәліметтер Қарастырылмаған Сақтандыру агенті: Қарастырылмаған Дәрілік формуляр Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-41 бұйрығымен бекітілген қазақстандық ұлттық дәрілік формуляр Сақтандыру сомасы, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйлықақысы валютасының түрі Қазақстандық теңге

## 1. ТЕРМИНДЕР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

1.1. Әкімшілік шығыстар - Сақтандырушының Шартты жүргізу және әкімшілендіру жөніндегі шығыстары.

1.2. Амбулаториялық-емханалық көмек – Сақтандырушының тізімінен медициналық ұйымдарда, сондай-ақ Сақтандырушымен жазбаша келісілген басқа да медициналық ұйымдарда және Шартта көзделген жағдайларда Сақтандырылушыға амбулаториялық-емханалық режимде медициналық қызметтер ұсыну.

1.3. Шұғыл көрсеткіштер бойынша амбулаториялық-емханалық көмек – Сақтандырылушыға амбулаториялық-емханалық жағдайларда өміріне қауіп төндіретін шұғыл жағдайларды жоюға бағытталған шұғыл медициналық көмек көрсету. Шұғыл көрсеткіштер бойынша Амбулаториялық-емханалық көмек мыналарды қамтиды және шектеледі: • Отбасылық дәрігердің, қажет болған жағдайда бейінді дәрігердің алғашқы консультациясы; • Зертханалық-аспаптық зерттеулермен, атап айтқанда: қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, УДЗ диагностикасы, ЭКГ диагностикасы, рентген диагностикасы; • Сақтандырылушы тұлғаға уақытша еңбекке жарамсыздық парағын ашу арқылы.

1.4. Емдеу көрсеткіштері бойынша амбулаториялық-емханалық көмек – Сақтандырылушы жіті немесе созылмалы аурулардың өршуі туындаған кезде амбулаториялық-емханалық жағдайларда медициналық қызметтер көрсету. Амбулаториялық-емханалық көмекке отбасылық дәрігерлер мен бейінді дәрігерлердің консультациялары, орта медициналық персоналдың қызметтері, физиотерапия қызметтері, массаж, еңбекке уақытша жарамсыздықтың толық сараптамасы кіреді.

1.5. Дәрігер – медициналық ұйыммен немесе медициналық ассистанспен шарт негізінде Сақтандырылушыға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жоғары медициналық білімі бар маман; сондай-ақ тиісті лицензия негізінде жеке медициналық практикамен айналысатын мамандар.

1.6. Дәрігерлік құпия мыналарды қамтиды, бірақ мұнымен шектелмейді: Сақтандырылушылардың медициналық көмекке жүгіну фактісі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

туралы, олардың денсаулық жағдайы, олардың ауруының диагнозы туралы ақпарат және оларды тексеру және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер.

1.7. Пайда алушы – Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Пайда алушылар болып табылады: а) Медициналық ассистанс және/немесе медициналық ұйымдар қызметтерді ұйымдастырған және ұсынған жағдайда – Медициналық ассистанс; б) Сақтандырылушыға қызметтерді өз бетінше төлеген жағдайда, Шарт талаптарымен –Сақтандырылған.

1.8. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ұсынылатын медициналық көмектің көлемі;

1.9. Емдеуге жатқызу (стационарлық емдеу) – Сақтандырылушыға стационарлық жағдайда кемінде бір тәулік мерзімге медициналық көмек көрсету.

1.10. Жоспарлы көрсеткіштер бойынша емдеуге жатқызу (стационарлық емдеу) – Сақтандырылушының дәрігер-маманның (отбасылық дәрігер, тар бейінді маман) алдын ала қарап-тексеруі мен диагностикасынан кейін және отбасылық дәрігердің жолдамасы бойынша Сақтандырылушының созылмалы ауруларының асқынуын тексеру және/немесе емдеу үшін жүзеге асырылатын Сақтандырушының тізіміндегі медициналық ұйымдарға емдеуге жатқызу.

1.11. Шұғыл көрсеткіштер бойынша емдеуге жатқызу (стационарлық емдеу) – Сақтандырылушының өміріне қауіп төндіретін денсаулық жағдайы кенеттен нашарлаған жағдайда Сақтандырушының тізіміндегі медициналық ұйымдарға емдеуге жатқызу.

1.12. Күндізгі стационар – Сақтандырылушыға отбасылық дәрігердің жолдамасы бойынша Сақтандырушының тізіміндегі стационарлардағы/ұйымдардағы күндізгі болу бөлімшелерде/палаталарда медициналық қызметтер көрсету. Күндізгі стационар мынадай қызмет көрсетуді қамтиды: - Сақтандырылушыға ауру бейіні бойынша дәрігер-мамандардың кеңестері; - диагностиканың қажетті зертханалық-аспаптық әдістерін жүргізу; - отбасылық дәрігер немесе маман дәрігер тағайындаған орта медициналық персоналдың қызметтері.

1.13. Қазақстан Республикасының шетелге шығатын тұлғаларды ерікті Сақтандыру шарты – Сақтандырушы Сақтандырылушыға(ларға) беретін және Сақтандырушы мен Сақтандырылушы(лар) арасындағы қатынастарды, сақтандыру сыйлықақысын төлеу мөлшерін, тәртібі мен мерзімдерін, сомасын, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібін, мөлшері және мерзімін, сондай-ақ сақтандырудың өзге де шарттарын регламенттейтін сақтандыру Шарты болып табылатын Шарт-полис.

1.14. Ауру – функционалдық және / немесе морфологиялық өзгерістерден туындаған Сақтандырылушының органдарының немесе жүйелерінің қалыпты тіршілік әрекетінің бұзылуы.

1.15. Сақтандырылушылар – Сақтандырылушылар тізімінде көрсетілген Сақтанушының қызметкері (бұдан әрі мәтін бойынша – негізгі Сақтандырылушы), сондай-ақ ауырған жағдайына және шетелге шығушыларды сақтандыруға қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын қызметкердің отбасы мүшелері.

1.16. Өтініш – сақтандыруға арналған сауалнама – Сақтандырушы белгілеген өтініш үлгісінің нысаны, оның негізінде Шарт жасалады.

1.17. Аспаптық зерттеулер – арнайы медициналық жабдықтың немесе аппараттардың көмегімен диагностикалық зерттеулер (магнитті-резонансты томография, компьютерлік томография, рентгенография, рентгеноскопия, маммография, клиникалық физиологияны зерттеу - УДЗ (ультрадыбыстық зерттеу), эндоскопия-ФГДС, колоноскопия, электроэнцефалография, электрокардиография (жүктемемен және демалу жағдайында), Холтерді мониторлау, клиникалық физиологияны тексеру, офтальмологиялық-оптикалық когерентті томография (ОКТ), автокераторефрактометрия, көру өткірлігін бағалау (визометрия), тонометрия, компьютерлік томография периметрия, кератотопография, байланыссыз когерентті биометрия, ультрадыбыстық биометрия, пахиметрия, көз түбінің фотосуреті, флюоресценттік ангиография, көздің УДЗ (АВ-сканерлеу), экзофтальмометрия, гониоскопия, ЛОР – эндоскопиялық зерттеулер және т.б.).

1.18. Есептен шығару санаты – Сақтандыру бағдарламасында көрсетілген, мүмкін болатын Сақтандыру сомасының лимитін көрсете отырып, өтеудің жеке позициясына біріктірілген бастапқы медициналық қызметтердің тізбесі. Есептен шығару санаты амбулаториялық-емханалық көмек, емдік массаж, стоматология, дәрілік заттар болуы мүмкін.

1.19. Тәулік бойы жұмыс істейтін диспетчерлік қызмет – бұл тәулігіне 24 (жиырма төрт) сағат, аптасына 7 (жеті) күн қызметін жүзеге асыратын және мынадай функцияларды орындайтын Медициналық ассистанстың диспетчерлік қызметі: жедел жәрдем және/немесе отбасылық дәрігердің үйге шақырылуын қабылдайды; тар бейінді дәрігерлерге және зертханалық-диагностикалық зерттеулерге қабылдауға жазылымды жүзеге асырады; медициналық кеңестер береді; тар бейінді дәрігерлердің жұмысы бойынша анықтамалық ақпаратты (медициналық ұйымдардың жұмыс кестесі, мекенжайлары, телефондары) береді, сондай-ақ Сақтандырылушының бағдарламалары, лимиттері мен шығыстары бойынша ұсынады. Тәулік бойы жұмыс істейтін диспетчерлік қызметтің телефон нөмірлері медициналық пластикалық картада көрсетіледі.

1.20. Зертханалық / аспаптық зерттеулер – диагнозды нақтылау, растау немесе жоққа шығару мақсатында жүргізілетін зерттеулер/талдаулар.

1.21. Дәрілік зат – адам ағзасымен байланысқа түсетін, фармакологиялық, иммунологиялық не метаболикалық әсер ету арқылы адам ауруларын емдеуге, алдын алуға немесе оның физиологиялық функцияларын қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

адамның аурулары мен жағдайын диагностикалауға арналған затты немесе заттардың комбинациясын білдіретін немесе қамтитын құрал;

1.22. Жауапкершілік лимиті – Сақтандыру бағдарламасымен белгіленетін, есептен шығарудың жекелеген санаты бойынша сақтандыру сомасы.

1.23. Медициналық ассистанс (Ассистанс) – Сақтандырушымен жасалған ынтымақтастық туралы шарт негізінде Шартта көзделген медициналық қызметтерді, оның ішінде ҚР бүкіл аумағы бойынша тікелей қол жеткізу дәріханалар желісін (№5 қосымша) Сақтандырылушы тұлғаларға ұйымдастыруды, үйлестіруді, есепке алуды және бақылау міндеттемесін Сақтандырушының атынан өз мойнына алатын, сондай-ақ медициналық қызметтердің тиісті сапасын бақылауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

1.24. Медициналық үйлестіруші – Сақтандырылушыларға медициналық қызметтер көрсетуді ұйымдастыруды, үйлестіруді және олардың тиісті сапасын бақылауды жүзеге асыратын және Сақтандырушының атынан Сақтандырылушымен өзара қарым-қатынаста болатын Медициналық ассистанстың қызметкері;

1.25. Сақтандыру менеджері – Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) аумағында және шетелде медициналық сақтандыру мәселелері бойынша Шартты сүйемелдеуді, медициналық ассистанспен өзара іс-қимылды, Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) консультация беруді жүзеге асыратын Сақтандырушының қызметкері.

1.26. Медициналық ұйымдар - ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, медициналық көмек көрсету негізгі қызметі болып табылатын, тиісті лицензия негізінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары (ауруханалар, клиникалар, емханалар, диагностикалық орталықтар, диспансерлер, жедел медициналық көмек станциялары, республикалық мамандандырылған медициналық орталықтар, ғылыми-зерттеу институттарының клиникалары, санаторий-курорттық және оңалту ұйымдары, дәріхана ұйымдары - дәріханалар, дәріхана қоймалары, дәріхана пункттері, дәріхана дүңгіршектері);

1.27. Сақтандырушы Тізіміндегі медициналық ұйымдар мен дәрігерлер (бұдан әрі – Сақтандырушының Тізімі) – Медициналық ассистанспен Сақтандырылушыға медициналық көмек және/немесе дәрілік заттарды ұсыну шарттары мен тәртібін айқындайтын шарттар жасасқан медициналық ұйымдар мен дәрігерлер (Шартқа № 5 қосымша);

1.28. Медициналық пластикалық карточка – Сақтандырылушыға бекітілген Сақтандыру бағдарламасына сәйкес Сақтандырылушының тегін медициналық қызметтер алу және/немесе медициналық шығыстарды өтеу құқығын растайтын, Сақтандырушы Сақтандырылушыға ресімдейтін сәйкестендіру құжаты. Медициналық пластикалық карточка Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжат көрсетілген кезде жарамды болады.

1.29. Медициналық көмек – Сақтандырылушылардың денсаулығын сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған, дәрілік көмекті қамтитын, медициналық ұйымдар мен медицина қызметкерлері көрсететін медициналық қызметтер кешені;

1.30. Жалпы практикадағы медбике (орта медициналық персонал) – өз қызметін жалпы практика дәрігерімен бірлесіп жүзеге асыратын және диагностикалық, емдік, профилактикалық және оңалту іс-шараларын қоса алғанда, халыққа дәрігерге дейінгі көмекті қамтамасыз ететін мейірбике ісі саласындағы маман;

1.31. Медициналық қызметтер – Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына медициналық көмек пен дәрілік заттар ұсыну бойынша қызметтер.

1.32. Отбасылық дәрігердің немесе Медициналық ассистанстың дәрігер-маманының жолдамасы – Сақтандырушы Тізімі бойынша Сақтандырылушының медициналық қызметтер алуына арналған белгіленген үлгідегі құжат.

1.33. Шарт бойынша жалпы сақтандыру сомасы – Сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық қызметтердің барлық түрлері бойынша сақтандыру жағдайы немесе Шарттың бүкіл қолданылу кезеңінде барлық Сақтандырылушылар бойынша бірнеше сақтандыру жағдайлары басталған кездегі Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі;

1.34. Бір Сақтандырылушы бойынша жалпы сақтандыру сомасы – Шарттың бүкіл қолданылу кезеңінде осы Сақтандырылушы бойынша сақтандыру жағдайы немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары басталған кезде, Сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық қызметтердің барлық түрлері бойынша Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі. Егер Сақтандырылушыға оның отбасы мүшелері бекітілген болса, сақтандыру сомасы Сақтандырылушы мен барлық отбасы мүшелері үшін ортақ болып табылады;

1.35. Өтелетін шығыстар – Сақтандыру бағдарламасы, сақтандыру Шарты шеңберінде медициналық көрсеткіштерге сәйкес Сақтандырылушыға тағайындалған дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтерді төлеу бойынша шығыстар.

1.36. Сақтандыру бағдарламасы (Бағдарлама) – сақтандырушы медициналық қызметтердің санаттарын (тізбесін) және сақтандыру сомаларын көрсете отырып, Сақтандырылушыға ұсынатын медициналық қызметтердің көлемі мен түрлері (Шартқа № 2 қосымша);

1.37. Кәсіптік ауру – жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауына байланысты оған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған ауру;

1.38. Талап (шағым) – Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға (медициналық ассистансқа) Шарттың талаптарын бұзушылықтарды жою, сондай-ақ медициналық қызметтердің сапасыз көрсетілуі талабымен жазбаша, ресми түрде негізделген өтініші

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(Шартқа № 11 қосымша);

1.39. Отбасылық дәрігер – жалпы практика дәрігері - аурудың жасына, жынысына немесе сипатына қарамастан, жекелеген адамдарға, отбасыларға және оның практикасына тіркелген адамдардың барлық контингентіне бастапқы және үздіксіз медициналық көмек көрсетуге тиісті рұқсаты бар дипломды медицина қызметкері. Отбасылық дәрігер Медициналық ассистанстың қызметкері болып табылады және Сақтандырушы атынан Сақтандырылушымен өзара қарым-қатынаста болады;

1.40. Дәрігерлік құпияны сақтау – медициналық ұйымдардың дәрігерлік құпияны жарияламау туралы мінез-құлық қағидалары.

1.41. Сақтандырылғандар тізімі – Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, нақты тұратын жерінің мекенжайы және телефоны, Сақтандыру бағдарламасы, сақтандыру кезеңі, сақтандыру сыйлықақысы (Шартқа № 4 қосымша) көрсетілетін Сақтандырушыға Сақтандырушы ұсынатын медициналық қызмет көрсетуге жататын адамдардың тізбесі;

1.42. Сақтандыру тәуекелі – Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы.

1.43. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. Шартта Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінің бірнеше деңгейі белгіленеді;

1.44. Сақтандыру төлемі – Шарт шарттарына сәйкес сақтандыру жағдайы туындаған кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға, Сақтандырылушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы. Сақтандырушының өтелетін медициналық қызметтерді тікелей медициналық ұйымға немесе Медициналық ассистанс арқылы төлеуі Шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;

1.45. 45) Бір Сақтандырылушы бойынша медициналық қызметтердің түрі (санаты) бойынша сақтандыру сомасы – Сақтандырушының сақтандыру жағдайы немесе Шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін осы Сақтандырылушы бойынша бірнеше сақтандыру жағдайлары басталған кезде Сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық қызметтердің жекелеген түрі/санаты бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі. Егер Сақтандырылушыға оның отбасы мүшелері тіркелген болса, егер Сақтандыру бағдарламасында өзгеше айтылмаса, Сақтандырылған адам және отбасының барлық мүшелері үшін медициналық қызметтердің түрі (санаты) бойынша сақтандыру сомасы ортақ болып табылады;

1.46. Комиссиялық сыйақының болуы/болмауы туралы мәліметтер – Шарт бойынша көзделмеген

1.47. 47) Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы - осындай арттыруға тікелей әсер ететін мән-жайлардың болуына/туындауына байланысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын арттыру. Шарт бойынша сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін мән-жайлар: - Қазақстан Республикасында бекітілген әлеуметтік маңызы бар аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне кіретін аурулар; - созылмалы аурулар;

1.48. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (МӘСҚ) - «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 389 қаулысына сәйкес құрылған;

1.49. Медициналық көрсеткіштер бойынша хирургиялық операция - дәрігердің тағайындауы бойынша жоспарлы операция.

1.50. Созылмалы ауру – ұзаққа созылатын ауру (6 айдан астам), асқыну кезеңдерімен және ремиссия.

1.51. Сатып алу санаттарын басқару жөніндегі қордың құзырет орталығы (ҚО) - Қордың «Медициналық сақтандыру» санаты бойынша сатып алу-санаттық стратегияны іске асыру жөніндегі Басқармасы айқындайтын Қордың құрылымдық бөлімшесі және (немесе) еншілес ұйым.

1.52. Сақтанушы қызметкерінің отбасы мүшелері – жұбайы(зайыбы), 1 жастан 23 жасқа дейінгі балалары, 75 жасқа дейінгі ата-аналары тегін тіркелген жағдайда; жұбайы(зайыбы), 1 жастан 26 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда, қызметкердің 75 жасқа дейінгі ата-анасы ақылы түрде тіркеледі. Сақтандырылған отбасы мүшесі бір Шарт бойынша Сақтандыруға екі рет қабылдана алмайды;

1.53. Шұғыл медициналық көмек (жедел медициналық көмек) – төтенше жағдайлардың туындауы кезінде Сақтандырылған тұлғаға медициналық қызметтерді көрсету.

1.54. Шұғыл жағдай – бұл Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін және дереу медициналық араласуды талап ететін денсаулық жағдайының кенеттен күрт нашарлауы: • Кенеттен есінен тану; • Жүрек-қантамыр қызметінің жіті дамып келе жатқан бұзылулары (кенеттен пайда болған ауырсыну немесе жүрек ырғағының бұзылуы); • Қан айналымының жіті бұзылуында (инсульт,инфаркт); • Жүрек пен тыныс алудың тоқтауы; • Тыныс алу мүшелерінің бұзылуы - ентігу, тұншығу; • Сал ауруы, құрысу ұстамалары; • Қатты қан кетулер, қанды құсу, қайтымсыз құсу және іш өту; • Зәрдің жіті кідіруі; • Пероральды ауыруды басатын дәрілерді қабылдаумен тоқтамайтын айқын білінетін ауырсыну синдромы; • Ауыр аллергиялық реакциялар (анафилактикалық шок, Квинке ісінуі); • Тағаммен, дәрілермен, химиялық және улы заттармен жіті улану; • Улы жыландар мен жәндіктердің шағуы; • Жарақаттар, сынықтар, жаралар, шығып кетулер; • Ауыр күйіктер және 2-4 дәрежелі үсік шалу, электр тогымен және найзағаймен зақымдану, жылу және күн соққысы; • Мидың шайқалуы және соғылуы, • Барлық түрдегі асфиксия, суға бату, тыныс алу жолдарының бөгде денелері; • Артериялық қысымның кенеттен жоғарылауы (гипертониялық криз); • Пероральды ауыруды басатын дәрілермен төмендемейтін 39 градустан жоғары

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қызба.

1.55. Шұғыл хирургиялық операция – Сақтандырылған адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шұғыл жағдайға байланысты Сақтандырылған адам медициналық ұйымға түскеннен кейін дереу күтпеген және алдын ала болжанбаған хирургиялық операция. Төменде аталған құжаттар және оларда көзделген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады (төменде аталған құжаттарға екі тарап қол қойған жағдайда):

1.55.1. № 1 қосымша – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

1.55.2. № 2 қосымша – техникалық ерекшелік;

1.55.3. № 3 қосымша – елішілік құндылық үлесінің болжамды/нақты есебін ұсыну нысаны;

1.55.4. № 4 қосымша – Сақтандырылғандардың тізімі;

1.55.5. № 5 қосымша – өңірлер бойынша медициналық ұйымдардың, дәріханалардың, мамандардың тізімі;

1.55.6. № 6 қосымша – жалпы сақтандыру сыйлықақысының, жалпы сақтандыру сомасының есебі;

1.55.7. № 7 қосымша – сақтандыру сыйлықақысын, сақтандыру сомасын есептеу және сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату табелі;

1.55.8. № 8 қосымша – отбасының ақылы мүшесін тіркеуге өтініш нысаны;

1.55.9. № 9 қосымша – шарттың орындалуына банктік кепілдік нысаны;

1.55.10. № 10 қосымша – Сақтандырушының (Медициналық ассистанстың) төлемдері бойынша № 1 есеп, залал туралы № 2 есеп;

1.55.11. № 11 қосымша – шағым нысаны;

1.55.12. № 12 қосымша – Сақтандырылушының медициналық шығыстарды өтеуіне арналған өтініш нысаны;

1.55.13. № 13 қосымша – шетелге шығатын адамдарды ерікті сақтандыруға өтініш-сауалнама нысаны;

1.55.14. № 14 қосымша – санкциялық ескертпе;

1.55.15. № 15 қосымша – Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері.

## 2. ШАРТТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Шарттың талаптарына және Сақтандыру бағдарламасына сәйкес жасалды.

2.2. Шарттың мәні «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС қызметкерлерінің және тіркелген отбасы мүшелерінің сырқаттануы жағдайында ерікті медициналық сақтандыру қызметтерін көрсету (бұдан әрі – Қызметтер) болып табылады.

2.3. Сақтандыру объектісі Сақтандырылушының Сақтандыру бағдарламасы және Шарт талаптары шеңберінде медициналық қызметтерді алу бойынша шығыстарына байланысты оның мүліктік мүдделері болып табылады.

## 3. САҚТАНДЫРЫЛҒАНДАР

3.1. Таңдалған Сақтандыру бағдарламасына сәйкес жасына байланысты тұлғалар сақтандырылған болып табылады.

3.2. Егер Тараптардың қосымша келісімінде өзгеше айтылмаса, бекітілетін отбасы мүшелерінің саны Сақтандыру бағдарламасында көзделген. Сақтанушының жұмыскері Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде, бір жасқа толған балаларды қоса алғанда, сондай-ақ, егер жұмыскер заңды некеге тұрған болса, егер осы шарттар негізгі Сақтандырылушының таңдап алған Сақтандыру бағдарламасымен жабылған жағдайда, өз отбасының жаңа мүшелерін бекітуге құқылы. Бұл ретте, егер Сақтанушының қызметкері отбасының қосымша мүшелерін Сақтандыру бағдарламасында көзделген саннан тыс сақтандыруды қаласа, онда отбасы мүшелерін қосымша бекіту таңдалған Сақтандыру бағдарламасы бойынша қызметкердің есебінен жүзеге асырылады.

3.3. Сақтанушының қызметкерлері болып табылмайтын және Сақтанушы Сақтандырылушылар тізіміне (Шарттың № 4 Қосымшасы) енгізген Сақтанушы қызметкерлерінің отбасы мүшелері Шартқа және тиісті Сақтандыру бағдарламасына сәйкес Сақтандырылушылардың барлық құқықтарына ие болады және олардың міндеттерін атқарады.

3.4. Шарт Сақтанушының алдын ала диагностикалық және профилактикалық тексеруінсіз жасалады. Шартты жасасу үшін Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтанушылардың тізімін (Шартқа № 4 қосымша) ұсынуы қажет.

3.5. Сақтандырушы төменде санамаланған барлық талаптарға сәйкес тұлғаларды Сақтандыруға қабылдайды: - бір жастан кіші емес; - I, II топтағы мүгедектер болып табылмайтын (негізгі ұстаушыларды қоспағанда). I, II, III топтардағы мүгедектігі бар сақтандырылған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

адамдарға, мүгедек балаларға осы мүгедектікке әкеп соққан ауруды, оның асқынулары мен салдарларын емдеуге арналған шығыстар, сондай-ақ осы аурумен тікелей себеп-салдарлық байланыстағы кез келген жай-күй өтелмейді); - Шарт жасасу сәтінде ауруханаға жатқызылмағандарға; - Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, ЖҚТБ-мен немесе туберкулезбен ауырмайтын наркологиялық, психоневрологиялық, онкологиялық, тері-венерологиялық диспансерлерде есепте тұрмайтындарға.

## 4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Әрбір негізгі Сақтандырылушы үшін Сақтандыру сыйақысы таңдалған Сақтандыру бағдарламасымен анықталады және Сақтандыру бағдарламасы бойынша _____ (_____) үшін _____ (_____) теңге құрайды.

4.2. Шарт бойынша Сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы (Шарттың жалпы сомасы) негізгі Сақтандырылушылардың санына және Шарт жасалған күнге Сақтандыру бағдарламасында таңдалған сомаға сәйкес есептеледі және Қазақстан Республикасында көзделген, жағына қарай ұлғайту жағына өзгертуге жатпайтын, барлық негізгі Сақтандырылушыларға Қызмет көрсетуге байланысты Сақтандырушының барлық шығыстарын және салықтарды қоса алғанда, _____ (_____) теңге ___ тиынды құрайды. Шарт бойынша Сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының мөлшері Сақтандырылғандар тізіміне енгізілген барлық Сақтандырылушылар үшін сақтандыру сыйлықақыларының сомасын білдіреді және Шартқа қосымша келісім жасасу жолымен Шарттың 4.3-тармақшасының екінші абзацының шарттарын ескере отырып, азайту жағына қарай өзгертілуі мүмкін.

4.3. Сақтандыру сыйлықақысы екі жарнамен төленеді. Сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 70%-ын құрайтын, _____ (_____) теңге сомасындағы бірінші жарнаны Сақтанушы Сақтандырушы тиісті шот-фактураны ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлейді. Сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 30 %-ын құрайтын қалған екінші жарнасы, Шарттың 6-қосымшасына сәйкес сақтандыру қызметі аяқталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын, сақтандыру қызметі аяқталатын күнге дейінгі нақты Сақтандырылушылар саны ескеріле отырып және бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысының бөлігі (Сақтандыру сыйлықақысы жалпы сомасының 70 %-ы) ескеріле отырып, Шарт жасалған күннен бастап Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күнге дейінгі кезең үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жасалған көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) және өзара есеп айырысулар актісіне тараптардың қол қоюы арқылы түзетуге жатады. Бұл ретте түзетілген екінші сақтандыру сыйлықақысының жарнасы Сақтандырушы ұсынған төлем шоты негізінде 202__ жылғы _____ мерзімге дейін Сақтандырушының банктегі есепшотқа аударылуы тиіс.

4.4. Сақтандырушы Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы сомасының 5% -ы мөлшерінде, Сақтанушының банк шотына кепілдік ақшалай жарнаны аудару немесе Шарттың № 9 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Шарттың қолданылу мерзімі толық және тиісінше орындалуына дейін банк кепілдігін беру жолымен _____ (_____) теңге____ тиын мөлшерінде енгізеді.

4.5. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде кепілдік қабылданады:

4.5.1. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын екінші деңгейдегі банктерден – шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі (бұдан әрі – Рейтинг) Standard & Poor's бойынша «B-»-дан төмен емес, ал ҚР резидент-банкінде Standard & Poor's бойынша Рейтинг болмаған жағдайда, Fitch бойынша «B-» немесе «Moody'sInvestorsService» бойынша «B3» Рейтингіне жол беріледі, немесе бас ұйымның рейтингі (Қазақстан Республикасының резидент-банкі акцияларының 50%-дан астамы тиесілі) Standard & Poor's бойынша «BBB» деңгейінен төмен емес, ал Қазақстан Республикасының резидент-банкінде Standard & Poor's бойынша Рейтинг болмаған жағдайда, Fitch бойынша «BBB» немесе Moody'sInvestorsService бойынша «Baa2» Рейтингіне жол беріледі;

4.5.2. Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын екінші деңгейдегі банктерден – Standard&Poor's бойынша рейтингі «BBB»-тен төмен емес, ал Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінде Standard&Poor's бойынша рейтингі болмаған кезде Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінен Fitch бойынша «BBB» немесе Moody 'sInvestorsService бойынша «Baa2» рейтингіне жол беріледі.

4.6. Отбасының қосымша ақылы мүшелерін бекіткені үшін Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушының қызметкерлері тікелей Сақтандырушының кассасына/шотына дербес төлейді.

4.7. Сақтандырылғандар тізіміне өзгерістер енгізілген кезде Сақтанушы қосымша төлейтін сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Шарттың 4.1-тармағына және 13-бөліміне сәйкес айқындалады және Тараптардың қосымша келісімімен ресімделеді.

4.8. Сақтандырылғандардың саны Шартқа № 4 қосымшада көрсетілген саннан артық өзгерген жағдайда сақтандыру сыйлықақысын түзету Тараптардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімге қол қоюы арқылы жүргізіледі. Қосымша келісім бойынша сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушы төлеуге ұсынатын шоттың негізінде қосымша келісімге қол қойылған және төлемге шотты ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қолма-қол ақшасыз төлеммен төлейді.

4.9. Сақтандырылушы Сақтандырылғандар тізімінен мерзімінен бұрын шығарылған кезде, осы Сақтандырылушы бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмаған кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға осы Сақтандырылушы үшін төленген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін сақтандыру сыйлықақысын, сақтандыру сомасын есептеу табеліне (Шартқа № 7 қосымша) сәйкес қайтарады. Отбасының ақылы сақтандырылған мүшелері үшін сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды. Бұл ретте Сақтанушылар тізімінен шығарылған Сақтандырылушы Сақтанушыға қайтарылуға жататын Сақтандыру сыйлықақысын есептеу және қайтаруды Сақтандырылушыны алып тастау күні тіркелген жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 30 % құрайтын Сақтандыру

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сыйлықақысының қалған екінші жарнасын Шартқа қосымша келісімге қол қою арқылы түзетумен бір мезгілде жүзеге асырады.

4.10. 1 жылдан аз мерзімге сақтандыру кезінде Сақтандыру сыйлықақысы Шарттың № 7 Қосымшасына сәйкес есептеледі.

4.11. Сақтанушы Шарттың талаптарында айтылған мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушының Сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлеуге:

4.11.1. 45 (қырық бес) жұмыс күнінен артық сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлемеген күннен бастап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

4.11.2. егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға 45 (қырық бес) жұмыс күнінен астам мерзімі өткен Сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлегенге дейін басталған болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

## 5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ

5.1. Негізгі Сақтанушы мен Сақтандырылған отбасы мүшелері үшін сақтандыру сомасы таңдалған Сақтандыру бағдарламасымен анықталады және Сақтанушы үшін ортақ, яғни негізгі Сақтанушы мен Сақтандырылған отбасы мүшелері үшін бірдей және _____ (_____) теңге мөлшерінде белгіленеді.

5.2. Әрбір есептен шығару санаты бойынша Сақтандыру сомасы бүкіл отбасы - негізгі Сақтанушы және оған бекітілген барлық Сақтандырылған отбасы мүшелері үшін ортақ болып табылады - осы сома шегінде Сақтандырушы негізгі Сақтандырылушыға және Сақтандырылған отбасы мүшелеріне көрсетілген медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектерге ақы төлейді.

5.3. Сақтандыру сомасының жалпы сомасы _____ (_____) теңгені құрайды.

5.4. Шетелге шығатын адамдарды Сақтандыру бойынша бір Сақтанушыға шаққандағы Сақтандыру сомасының мөлшері халықаралық сақтандыру полисінде көрсетіледі.

5.5. Сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін Сақтандыру сомасының мөлшері жасалған Сақтандыру төлемінің сомасына азайтылады.

5.6. Шарттың 13-бөліміне сәйкес жүзеге асырылған Сақтандырылушыны ауыстырған кезде, ауыстырылған Сақтандырылушы бойынша Сақтандыру сомасы Шарттың 13-бөліміне сәйкес айқындалады.

5.7. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімі бойынша, оның ішінде медициналық мекемелерде медициналық көмек көрсету шарттары айтарлықтай өзгерген немесе оның құны өзгерген кезде өзгертілуі мүмкін.

5.8. Шарттың қолданылу мерзімі 12 (он екі) айдан аз мерзімге Сақтанушылардың Тізіміне жаңа қызметкерді (Сақтандырылушыны) қосқан жағдайда таңдалған Сақтандыру бағдарламасы бойынша бір Сақтандырушыға сақтандырудың жалпы сомасын және барлық лимиттерді Сақтандыру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету түрлері/санаттары бойынша есептеу Шартқа № 8 қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

## 6. САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДА КӨЗДЕЛГЕН САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ТАУСЫЛУЫ ЖӘНЕ АРТЫҚ ЖҰМСАЛУЫ

6.1. Сақтандыру сомасын есептен шығару санаттарының бірі бойынша таусылуы және артық жұмсауы Сақтандырушының осы есептен шығару санаты бойынша Сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеп соғады, сәйкесінше ол бойынша одан әрі шығыстарды (төлемдерді) Сақтандырушы жүргізбейді.

6.2. Жауапкершілік лимиттерін есептен шығарудың бір санатынан екіншісіне ауыстыруға Сақтандыру бағдарламасы шеңберінде жол берілмейді. Есептен шығару санаттарының бірі бойынша сақтандыру сомасының таусылуы Шартты бұзуға әкеп соқпайды. Егер есептен шығарудың белгілі бір санаты бойынша шығыстардың жалпы сомасы есептен шығарудың осы санаты бойынша сақтандыру бағдарламасында көзделген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кетсе, мұндай асып кету мөлшерін (лимиттің артық шығынын) Сақтандырылғандар Сақтандырушыға өтейді.

6.3. Мұндай асып кету туындаған жағдайда, Сақтандырушы (Медициналық ассистанс) берешек туындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырылушыны (Сақтанушыны) хабардар етеді, лимиттің пайда болған артық шығыны туралы Сақтанушының (Сақтандырылушының) жауапты адамы жұмыс электрондық поштасы бойынша хабарлайды және бір мезгілде сақтандыру карточкасының қолданылуын бұғаттайды, яғни, мұндай Сақтандырылушыға артық соманы толық төлегенге дейін медициналық қызметтерді қамтуды тоқтатады (отбасы мүшелерін сақтандыру талабымен бұл талап бүкіл отбасына қолданылады).

6.4. Лимит артық жұмсалған Сақтандыру бағдарламасы бойынша Сақтандырылған тұлға хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушының (Медициналық ассистанстың) кассасына лимиттің артық жұмсалу сомасы мөлшеріндегі берешекті қолма-қол ақша қаражатымен немесе Сақтандырушының (Медициналық ассистанстың) банк шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен төлеуге міндетті. Сақтанушы (Сақтандырылушы) көрсетілген кезеңде берешекті төлемеген жағдайда Сақтандырушы медициналық пластикалық карточканың қолданылуын толық бұғаттайды, кейіннен күнтізбелік 30 (отыз) күн өткеннен кейін Сақтандырудан алып тастайды. Осы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Сақтандырылған адам бойынша, сондай-ақ отбасының Сақтандырылған мүшелері бойынша Сақтандыру сыйлықақысын қайтару жүргізілмейді.

## 7. МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

7.1. Медициналық көрсеткіштер – Шартқа және Сақтандыру бағдарламасына сәйкес осы Сақтандырылушыда осы аурудың болу фактісінен туындайтын ауруды диагностикалау және емдеу бойынша қандай да бір медициналық қызметтерді алу үшін объективті себептер мен жағдайлар.

7.2. Медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектерді Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырылушының ауруын диагностикалау және емдеу курсын жүргізу үшін қажетті мөлшерде медициналық көрсетілімдерге сәйкес отбасылық дәрігер және/немесе тар ауқымды маман тағайындайды.

7.3. Шұғыл медициналық көрсеткіштер – медициналық көмек дереу көрсетілуі тиіс және медициналық көмек көрсетуден бас тарту немесе кешіктіру организмнің ауыр қайтымсыз, тіпті өлімге дейінгі жай-күйінің дамуына әкеп соқтыратын көрсеткіштер. Стационарлық емдеуге шұғыл көрсеткіштер – бұл медициналық көмек дереу, атап айтқанда, дәрігердің тәулік бойы бақылауы талап етілетін және медициналық көмек көрсетуден бас тарту немесе кейінге қалдыру организмнің ауыр қайтымсыз жай-күйінің дамуына, тіпті өлімге дейін алып келеді (мысалы,ес-түссіз жай-күй, жүрек-қан тамырлары аурулары) көрсетілетін көрсеткіштер – қан кету, жедел жарақат, улану, кез-келген этиологияның соққысы және т.б.).

7.4. Стационарлық емдеуге емдік (жоспарлы) көрсеткіштер – Сақтандырылушының үздіксіз дәрігерлік бақылау немесе күрделі емдеу-диагностикалық емшаралар жүргізу үшін стационарда тәулік бойы болуын талап ететін Сақтандырылушының денсаулық жағдайының нашарлауы (алғаш рет туындаған жіті аурудың немесе созылмалы аурудың асқынуы салдарынан). Сақтандырылушының стационарда болуын отбасылық дәрігерлер/Медициналық ассистанстың медициналық үйлестірушісі бақылайды.

7.5. Шұғыл айғақтар бойынша стационарлық емдеуді ұйымдастыру кезінде медициналық ұйым мен бөлімшені таңдауды жедел медициналық көмек бригадасының дәрігері, не клиника дәрігері, не қажетті медициналық көмекті, клиника бейінін, сондай-ақ Шарттың 8-бөлімінің 8.5-тармағының талаптарын ескере отырып, отбасылық дәрігер жүзеге асырады. Емдік айғақтар бойынша стационарлық емдеуді ұйымдастыру кезінде таңдалған Сақтандыру бағдарламасына сәйкес келетін Сақтандырушының Тізіміне (Шартқа № 5 қосымша) сәйкес Сақтандырылушының тілектерін ескере отырып, медициналық ұйымды және бөлімшені таңдауды отбасылық дәрігер және/немесе тар ауқымды маман жүзеге асырады.

7.6. Шұғыл айғақтар бойынша амбулаториялық-емханалық қызметтерге отбасылық дәрігердің қабылдауы, шұғыл консультациялық-диагностикалық іс-шаралар (таңдалған Сақтандыру бағдарламасы шеңберінде) және диагноз қою үшін қажетті және шұғыл жағдайды дереу тоқтатуға бағытталған емдік рәсімдер кіреді.

7.7. Стационарлық емдеу курсы барысында Сақтандырушы отбасылық дәрігердің және/немесе тар маманның емдеуге жатқызуға жолдамада көрсетілген деректерге сәйкес диагностика және емдеу шығындарын өтейді.

7.8. Заңнамада көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілмегендерден басқа, Медициналық ассистанстың ішкі формулярлары бойынша дәрілік заттарды беруге шектеулер енгізуге жол берілмейді.

7.9. Дәрілік заттарды ұсыну бөлінген лимит шегінде Сақтандырушының тізімі бойынша дәріханаларда Қазақстан Республикасының Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярына сәйкес отбасылық дәрігердің және/немесе дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауы бойынша тар ауқымды мамандардың рецептісі және тағайындауы бойынша жүргізіледі.

7.10. Медициналық және емдік айғақтар бойынша дәрігер жазып берген дәрілік заттар мен дәрумендер сақтандыру төлемімен жабылады.

## 8. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ. САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТІ

8.1. Медициналық ассистансқа және/немесе Сақтандырушының Тізіміне (Шартқа № 5 қосымша) медициналық көмек көрсетуді немесе медициналық мамандардың консультациясын талап ететін өзге де негіздер бойынша ауру, жарақат бойынша жүгінуі, сондай-ақ Сақтандыру бағдарламасында көзделген қызметтердің тізбесі мен көлеміне сәйкес басқа да жағдайлар Шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады (Шартқа № 2 қосымша)

8.2. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері Шартқа № 15 қосымшада көрсетіледі.

8.3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 14 қазандағы № 526 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында емдеуге тыйым салынатын аурулар тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік мәні бар аурулар тізбесінде көрсетілген барлық аурулар (бұдан әрі – Әлеуметтік мәні бар аурулар тізбесі) және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да жағдайларда, егер ауырған жағдайда медициналық Сақтандыру бағдарламасында өзгеше көрсетілмесе, Сақтандыру жағдайы болып табылмайды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.4. Сақтандырылушыда Тізбеде және Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесінде көзделген ауруларды диагностикалауға байланысты медициналық шығыстарды Сақтандырушы амбулаториялық-емханалық жағдайларда диагноз расталған сәтке дейін не ауру диагнозы алғаш рет белгіленген стационарлық емдеу курсы аяқталғанға дейін ғана өтейді.

8.5. Сақтандырылушыда медициналық асситансқа жүгіну мүмкіндігі болмаған кезде, Сақтандырылушыда стационарлық емдеуге шұғыл айғақтар туындаған жағдайда Сақтанушы, Сақтандырылушы өз бетінше немесе басқа тұлғалар арқылы Сақтандырушыны (Медициналық ассистансты) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы оларға белгілі болған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге тиіс.

8.6. Медициналық ассистансқа жүгінген әр кезде Сақтандырылған адам медициналық пластикалық карточканы және жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге міндетті. Сақтандырушының тізімі бойынша Медициналық қызметтерді алу осы бөлімнің 8.5-тармағында көрсетілген шарттар сақталған кезде шұғыл жағдайларды қоспағанда, отбасылық дәрігерден Медициналық ассистанстың жолдамасы болған кезде ғана мүмкін болады.

8.7. Сақтанушы (Сақтандырылушы) медициналық пластикалық карточканы жоғалтқан жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы) 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға жоғалту фактісі туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндетті, одан кейін жоғалған құжаттар медициналық қызметтерді алу үшін негіз бола алмайды.

8.8. Шарт және Сақтандырылған адамның жеке басын куәландыратын құжат медициналық пластикалық карточканы алу сәтіне дейін Сақтандырылған адамға медициналық қызметтер көрсету үшін негіз болып табылады

8.9. Сақтандырылушының Сақтандыру бағдарламасында көзделген медициналық қызметтерді Медициналық ассистанс өкілдерімен келісу кезінде және/немесе отбасылық дәрігердің немесе тар бейінді маманның жолдамасы бойынша Сақтандырушының Тізіміне кірмейтін медициналық ұйымдарға тек Сақтандырылушыға шұғыл, емдік көрсеткіштер бойынша немесе диагноз қою үшін қажет болған жағдайларда ғана алуға құқығы бар. медициналық қызмет қандай да бір себептермен Сақтандырушының Тізімімен көрсетілуі мүмкін.

8.10. Осы бөлімнің 8.9-тармағында көрсетілген жағдайларда Сақтандырылған тұлға алынған медициналық қызметтерге өз бетінше ақы төлейді және Шарттың 10.4-тармағына сәйкес келтірілген шығындарды өтеуді алу үшін Медициналық ассистансқа құжаттарды ұсынады (№12 қосымша - өтеуге өтініш үлгісі).

